

## ӘЙЕЛДЕР – САЯСИ ҚУҒЫННЫҢ ҚҰРБАНДАРЫ

**Қасабекова А.И.**

*Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана қ.*

Патша өкіметінің ескі қирандысының орнына құрылған Кеңес өкіметінің әлеуметтік - экономикалық базасы өте әлсіз болды. Оны құрып, нығайту үшін елдегі барлық еңбек күшін, соның ішінде әйелдер еңбегін де жұмылдыру және жұмыс істеуге міндеттеу қажет болды. Оны Лениннің: «Ресейде жалпы жұмыс істеп жүрген жүздеген әйелдердің орнына миллиондаған және миллиондаған әйелдерді қатынастырғанда ғана Кеңес өкіметінің бастаған ісін одан әрі жылжытуға болады», - деген сөзінен-ақ көруге болады [1,199 б].

Кеңес өкіметінің әйелдерді үй шаруасы мен бала бағудан босатып, өндіріске тартудағы шын мәніндегі мақсаты, елдің экономикасын модернизациялау міндетін шешуде жаңа жұмыс күшін табу болды. Сонымен біртіндеп әйелдер мемлекеттік машинаның тетігіне айналды, олардың құқықтары мен міндеттері мемлекеттің қажеттілігімен ғана есептелді.

Әкімшіл - әміршіл жүйе елде жеделдетіп индустриаландыру мен жаппай ұжымдастыру саясатын іске асыру барысында қуғындау әдісін қолданып, еңбекпен түзеу лагерлерін құрды. Қуғындау саясатының алдын ала жоспарланып, ұзақ мерзімге арналғанын көптеген фактілер дәлелдейді. 1922 жылдың ортасында Лениннің РСФСР қылмыстық кодексінің жобасына жасаған ескертуінде, баптардың біреуіне мынандай: «Кеңес өкіметіне сөзімен және ісімен қарсы тұрғандар ғана ату жазасына бұйырылмай, осындай әрекет жасауға ықпал жасаған және ықпал жасауға қаблеті бар адамдарға да осындай жаза қолданылсын», - деген қосымша қосу жайлы ұсыныс жасайды [2].

1929 жылы Сталиннің нұсқауымен еңбекпен түзеу лагерлер жүйесін құру жоспары жасалды. Осы жылдың 11 шілдесінде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қылмыстық тұтқындардың еңбегін пайдалану жайлы» қаулысынан кейін лагерлер жүйесі құрыла бастады. 1930 жылы 25 сәуірде лагерлер басқармасы ОГПУ, бір жылдан соң Бас басқармасы құрылды. Еңбекпен түзеу лагерлерінің саны жылдан жылға өсіп отырды. Егер 1932 жылы елімізде 11 еңбекпен түзеу лагері болса, 1940 жылы 53 лагер, 425 еңбекпен түзеу колониясы және 50 кәметке жасы жетпегендердерге арналған лагерлер болды [3, 4 б].

Лагерлер жүйесі әміршіл - әкімшіл жүйенің мүддесіне бағындырылды және оның саяси экономикалық қажеттілігін қамтамасыз етті. Қуғын сүргіннің етек жайған кезеңінде 1934 жылы 8 маусымда КСРО Орталық Атқару Комитеті «Мемлекеттік қылмыс жасау туралы» ережеге қосымша төрт - 58-1а, 58-1б, 58-1в, 58-1г баптарын қосты. Баптарда отанын сатқандар әр түрі жауапқа тартылды. 58-1в бабының 2-ші бөлімі бойынша отанын сатқан (шет елге немесе басқа жаққа қашып кеткен) әскери қызметкердің отбасының жасы жеткендері даярланып жатқан қылмысты білмеседе оларды

сайлау құқығынан айырып, Сібірдің алыс ауданына жер аударылатыны айтылған [4]. Бұл жауыздық ережені жазалау орындары кеңінен пайдаланды. Атақты «үштіктер» жазығы жоқ азаматтардың конституциялық құқығын бұзып, тергеусіз, сотсыз «отанын сатқандардың әйелдері» деген жала жауып, 5, 8, 10 жылға нағыз концлагерлерге айдады.

Одақ бойынша әйелдерге арналған төрт лагер болды. Горький қаласынан 40 км қашықтықта Темляковский, Фрунзеден 100 шақырым жердегі Жангиджер, Потьмадағы Темникоский, төртіншісі Қарлақтың 26-шы нүктесі, немесе Алжир [5]. Бұрын Ақмола қаласынан 35 км қашықтықта кәмелетке жасы жетпей қылмыс жасағандарға арналған кіші-гірім колония болған. 1937 жылдан бастап «халық жауларын» жаппай қамаумен байланысты «Отанын сатқандардың» отбасына арнаулы лагерлер қажет болды. Сондықтан Қарлақтың Ақмола арнаулы бөлімі 26-шы еңбек поселкасында КСРО Ішкі Істер Халық комиссариатының 1937 жылғы 3 желтоқсанындағы бұйрығы бойынша құрылды [6, 15 б]. Тұтқын әйелдер бұл лагерді Алжир деп (Отанын сатқандардың әйелдерінің Ақмола лагері) атап кетті. Лагер Ешім мен Нұра өзендерінің арасында 600 шаршы метр жерді алып жатты. Оның айналасын екі қатар тікенек сымдармен қоршады, екі қатардың арасына іздерді бақылау жолы салынды, оны күн сайын таңертең тексеріп, жөндеп отырды. Төрт бұрышта қарауыл бағыналары орналасты. Зонаның ішкі тәртібін 15 күзетші, сыртқы күзетті қарамағында 100 адамнан тұратын дивизия қарады. Олар зонадан тыс жерлерге жұмысқа апарылатын әйелдерді қарауылдады, қабаған овчарка иттері болды.

Қарлақтың Ақмола бөлімінде 18 мыңдай әйел тұтқындалған деген мәлімет бар [4]. Ақмола лагеріне Кеңес Одағының әр түкпірінен, 60-тан қаладан тұтқын әйелдер әкелінген. Соның ішінде Меңдешова Разия, Рысқұлова Азиза, Қожанова Күләндәм, Тәтімова Шәкітай, Қабылова Айша, Сарымолдаева Майнұр, Майлина Гүлжамал, Тоғжанова Мариям, Аспандиярова Рабиға, Құлымбетова Айыш, Жүргенова Дәмеш, Садуақасова Елизовета, Нұрмақова Зүпнұр, Диваева Фатима, Тіналина Зағипа т.б. қазақ әйелдері лагердің азапты жылдарын басынан өткізді.

РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің бірінші орынбасары Тұрар Рысқұлов Кисловодскіде дем алып жүрген жерінен тұтқындалды. Келесі күні оның әйелі Әзизаны босануға айы-күні таяп қалғанына қарамастан курорттан қуды. Москвада өзін және анасын тұтқындады. Әзиза қызы Ританы жалғыз кісілік камерада босанды. Емшектегі баласымен оны этаппен Қарлаққа, онан кейін Алжирге айдады, жолда 6 ай жүріп жетті. Азиза лагерде он жыл отырып шықты.

Нығмет Нұрмақовты Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінде жұмыс істеп отырған кабинетінде 1937 жылы 3 шілдеде, ал әйелі 20 шілдеде тұтқындалды. Зүпнұр 4 ай Бутыркада отырған соң, Карелия лагерлерінде, 1941 жылы Алжирге әкелінді. Олардың қыздары Тамара балалар үйінде қайтыс болды.

Темірбек Жүргеновті ұстап әкеткен соң, бір аптадан соң Дәмешті де тұтқындап, «халық жауының» әйелі ретінде 8 жылға лагерге айдады. Оны

алғашында Карлакқа, онан кейін Алжирде ұстады. Дәмеш мамандығы дәрігер болғандықтан өз еркімен майданға сұранып жазған 100-деген өтініші жауапсыз қалды.

Талантты саяси қайраткер Қазақстан Жастар Одағының бірінші хатшысы Қайсар Таштитов 1937 жылы тұтқындалып, 1938 жылы атылды. Әйелі Сағадатты этаппен Семей, Новосибир, Краснояр арқылы Алжирге әкелді, онда ол 11 жыл отырды.

Қаржы халық комиссарының әйелі Нина Нұрмағанбетова қашуға ұмтылыс жасағаны үшін оны атып өлтірді. КазГУ-дың оқытушысы Тельжан Шошановты ату жазасына бұйырғанда әйелі Шахзада да өзін де осындай жаза бұйыруды талап етті. Мұндай жаза тез арада орындалды [7].

1923 жылдан 1937 жылға дейін Ақтөбе губерниясында әйелдер арасында сауатсыздықты жою, мәдени - ағарту жұмысына белсене араласқан, партия мүшесі Амина Табиеваны да «халық жауының» әйелі деп айыптап, Алжирде 9 жыл отырып шықты. НКВД қыметкерлері үш баланы шырқыратып балалар үйіне апарып өткізді.

Тіналина Зағипа жастайынан комсомол қатарына өтіп, қазақ қыздары мен келіншектерің арасында қызыл отау жұмыстарын ұйымдастырды, сауат ашу, мәдени ағарту жұмыстарына араласты. 1936 жылы облыстық комсомол ұйымының екінші хатшысы, онан кейін Өлкелік комсомол ұйымының аппаратында жұмыс істеп жүрген кезінде «халық жауының» әйелі ретінде тұтқындалып, Алжирде 3 жыл отырып шықты. Осы лагерь жайлы естелігінде: «Алжир - (26-нүкте) – зилиген - зілиген сұсты, үрейлі биік бағандар, айналдыра тікенек сымдармен қоршалған, әр мүйісте қарауыл қада, онда әуілдеген ит пен мылтығын кезеген күзетші-көз алдыңа фашист қанішерлерінің концлагерлерін елестетпей ме? Зәрені ұшырады. Қатар-қатар барактар, адам тұратын жайдан гөрі мал ұстайтын атқораға, немесе колхоздың темір - терсек сақтайтын қамбасына ұқсайды. Іші үш қатар нар (бөстекше), ертеңгісін және кешкісін сапқа тұрғызып қойып тексеру, одан айдауылмен, итін өршелендіре дірдектетіп қара жұмысқа апарады, алып қайтады. Ауыр жұмыстан, аштықтан әлсіреп сүйретіле түннің бір уағында бөстекшелерімізге сұлаймыз. Қыста қақап (жылытылмайтын болғандықтан), жазда монша жаққандай пысынап, керегелерінен пар тамшылап, тұншықтырып, алқымды буып тынысты тарылтатын қапырық, сасық «үйімізге» жолай құлап-сүрініп, итке таланбай аман жеткенше шүкір етеміз. Бір баракта 300-ге дейін адам тұрамыз... Құлдық дәуірдегі құлақ кесті құлдардың өмірі бізден көш ілгері шығар-ау. Бәрінен қиыны-өнбойы ашқұрсак жадауымыз. Мен мал бақтым. Күзде камыс орамыз, белуардан мұздай су кеше, орақпен камыс орып баулаймыз. Норма -140 бау, күніге. Орындасаң - 700 грамм нан аласың. Орындамасаң... адамда жалғыз-ақ арман болады екен: нанға тою! Күздің қара суығында (Арқаның күзінің өзі оңтүстіктің қысына бергісіз ғой!), үсті-басымыз судан малшына (оны кептіріп, құрғатып немесе басқа киіммен алмастырып алатын жағдай қайда?), жататын орынға ораламыз. Таң сәріде камысқа қайта дірдектеп кетеміз. Адам

болғаннан гөрі миғұла, ауық, жынды болып жүргің келеді, кейде... - , деп лагердегі азапты күндерді күйзеле отырып еске алады [8, 195-196 б].

Лагерге 30 мың гектар жер бөлінді. Суды 40 метр тереңдіктен артезиан құдықтарынан алды. «Алжирда» әйелдер шаруашылықтың көп саласында жұмыс істеді, негізінен ауыл шаруашылық жұмыстарымен айналысты. Олар бау - бақша, бидай екті, 250 сиыры бар 2 ферма ашылды. 18 гектарға созылған бақшаны суару үшін әйелдер арықтарды қолдарымен қазды. Қабырға құю және де басқа құрлыс жұмыстарын әйелдер атқарды, салмағы 16 кг тұратын саманнан кірпіштер құйды. 1938 жылы жазда тігін фабрикасының құрлысы басталды. Құрлыс басталмай жатып-ақ ГУЛАК осы жылдың орындалуға тиісті жоспарын жіберді. Тігін фабрикасына құрал-жабдықтар мен шикізаттар жеткізілді. Әйелдер құрал-жабдықтар мен тігін машиналарға жолауға қорықты. Бұзылып қалса, оларды қастандық жасадың деп, айыптайтынын білді. Ол туралы бұрынғы тұтқын М. Анцис: «Халықтың қорқынышында шек жоқ, жас аналардың түріне аянышпен қарайсың, олар машинаны қолымен ұстауға да қорқады», - деп жазған [5].

Тігін тоқу фабрикасында 3,5 мыңдай әйел жұмыс істеді. Алғашында тұтқындар киетін көйлектер мен сырма шалбарлар, ал соғыс кезінде майдандағыларға әскери киімдер тікті. Маталар мен басқа шикізат жетіспей фабрика тоқтап қалған кездерде, тұтқын әйелдерді қамыс кесуге жіберді. Қамыс ең негізгі құрлыс материалы және отын ретінде жағылды. Тұтқында болған Е. Красичкова: «Үстімізде мата көйлек, күртеше, аяғымызда қолдан жасалған жұмсақ аяқ киім, басымызда матадан тек көзіміз ғана көрінетіндей етіп тігілген бас киім, осындай киіммен 40 градус аязда қамыс шабуға баратынбыз. Кейде мұз жарылып кетіп, аяғымыз су болады, бірақ мұз тез қатып қалады. Қамысты тез шабу үшін, күртешені шешіп, тек жалғыз көйлекпен жұмыс істеуге тура келетін. 140 үлкен бау байлауға тиісті болатынбыз, бригадир тексеріп отырады. Бұл норманы орындағандарға 800 грамм нан береді, егер орындамасаң нансыз аш қаласың. Аяз бен бораннан көзінді аша алмай, ештеме көрмей барақтан асханаға дейін байланған жіптен ұстап, әрең жетесің» [4].

Фабрикада зығырдан ерлерге арналған көйлектер тігілді, өрнектермен әшекейленіп, сыйлық ретінде Москваға жіберді. Оны мемелекетке «қызмет» жасап жүргендер сатып алды. Фабриканың тігу-кесте тоқу өндірісі 1942 жылы 1 млн сом пайда әкелді [4].

Орталық Қазақстанның қатал ауа - райына қарамастан, әйелдер таңсәріден кеш батқанша тынбастан еңбек етті. Басшылар мен бақылаушылар тұтқын әйелдерге адам ретінде қарамады. Бірде ерекше бөлімнің басшысы Мишин Гүлжамал Майлинаны жаман сөздермен балағаттады. Сонда шыдамаған Гүлжамал қолына шанышқыны алып, бастыққа қарсы ұмтылып: «Сенен мұндай қорлық сөзді естігенше, сені өлтіріп, өлгенім артық. Күйеуімді өлтірді, 5 бала жетім қалды. Енді маған өмірде ештеме қалған жоқ», - деп батылдықпен айтқан сөздері мен әрекетіне әйелдер қатты таң қалды. Ал, бастық өз кабинетіне барып тығылды. Әрине, Гүлжамалды 15 сөткеге карцерге жапты [7].

Лагерде денсаулығы жоқ, тіпті мүгедек әйелдерді де ауыр жұмыстарға жекті. Жеңілдік сұрағандарды революцияға қарсы саботаж жасады деп, ату жазасына бұйырды. Жүздеген әйелдер жазықсыз осындай қатал жазаға тартылды, оларды қорлады, мазақ етті. Жамбыл аудандық НКВД бөлімінің бастығы кабинетінде қарамағындағы қызметкерлердің көзінше ату жазасына бұйырылған үш әйелді тұншықтырып өлтірген. Оны сот шешімін орындамағаны үшін Карлакқа жұмысқа ауыстырды.

«Алжирдің» бұрынғы тұтқыны Сағадат Таштитова: «Мен Алма-Атадан келдім. Күйеуімді 1937 жылы атып өлтірді, 22 жастағы мені лагерге айдады. Лагердегі өте ауыр жағдайды әйелдер қажырлылықпен көтерді, ұлтына қарай бөлінбеді. Көпшілігі ауыр өмірге шыдамай өліп кетті. Оларды үлкен шұңқырларға көмді, тақтайшаларға туған және тұтқындалған жылын, күнін ғана көрсетті. Өлгендерді түнде алып кетіп отырды. Бірде танертең жұмысқа кетіп бара жатып, өлген адамның денесін көрдік. Қараңғыда ат айдаушы түсіріп алған ғой», - деп жазған естелігінен өлген тұтқындарды мал сияқты көмгендерін көреміз. [4]

Лагерлерде әйелдер өзін-өзі өлтірді, естерінен ауысып кетті. Карлактың Құрым және Макадай деген бөлімшелерінде есі ауысқандарды ұстайтын арнаулы лагерлер болды.

Бір таң қалатын нәрсе: Алжирден қашу, қашуға ұмтылушылық болған емес, ондай жағдай өте сирек кездесті. Әйелдер күйеулерінің жағдайын ауырлатып алмауды ойлады, Олардың көпшілігі күйеулерінің тірі екенін де білмеді. «Алжирде» «Отанын сатқандардың» әйелдерінен басқа «зиянды» әңгімелер таратқандар, егістіктен баласы үшін бір уыс бидайды тыққаны үшін отырған әйелдер де бар.

Лагерге емшектегі балаларымен келген аналардың жағдайы өте ауыр болды. Он сағаттан аса жұмыс істеп келген аналарға балаларын емізуге рұқсат берді. Шаршаған, арықтаған аналарда қайбір сүт болады дейсің? Көпшілік аналардың сүті жоғалып кетті, қаралмаған балалар жиі ауырып, өліп те қалды. Балалар сыммен қоршалған барақтарда бөлек жатты, ешкім қолына алмады, олардың жылаған дауысына көңіл аудармады. Лагерде туған балалар үй дегеннің не екенін, «папа», «апа» деген сөздерді де білмеді, оларға тек лагерге байланысты сөздер ғана түсінікті болды. 4 жасқа толған соң басқа жаққа балалар үйіне алып кетті, оларды қайда алып кеткені жайлы анасына айтылмады. «Халық жауының» балаларына балар үйінде әкешесін отанын сатқан опасыз ретінде, оларға қарсы тәрбиеледі.

Лагерде отырған Е. Кузнецова осы жайлы мақаласында былай дейді: «Қаншама көз жасы төгілді дейсіз, барлығының балалары қалды ғой, әсіресе балаларын балаларды қабылдау бөліміне жібергендер қатты қайғырды. Балалар бөлімінде балалар өте көп өлді ғой. Не үшін?!

Мүлдем кінәміз болмаса да, біздерді отырғызды, балаларымыздан ойырды, отбасының ойранын шығырды. Тірі қалғандардың 80 пайызы балаларымен жолыға алмады. Барлық балалар ата-анасына қарсы қойылды, сонымен қатар оларды да «Халық жауының» баласы болғандықтан жек көрді. Бұл сұмдық трагедия, жазылмайтын психологиялық жара біздің

көпшілігіміздің өміріміздің соңғы күніне дейін сақталды. Өкпе, жәбір... Жас, дені сау әйелдер өмір бойы осындай қарғысты арқалап жүруге тура келді. Не үшін?» [9]

1938 жылы 1 қаңтарда келген 2103 «Отанын сатқандардың» 655-і жүкті немесе емшекте балалары болды. 1941 жылы 108 жүкті әйел келді, олардың бәрі лагерде босанды. 3-4 жылдан соң балаларын аналарынан айырып, балалар үйіне берді. Балаларынан айрылған аналар торығып, қайғырып, шыдамағандары есінен ауысты. 1939 жылы лагерде 450 жас бала болса, бір жылда 114-і өлген. [10]

А.Б.Рогиннің есептеуі бойынша 25 мыңдай бала ата-анасынан алынып, балалар үйі мен еңбекпен түзеу лагерлеріне орналастырылған [11]. Лагердегі балалардың жағдай өте ауыр болды, жалаңаш, жалаң аяқ. Олар жалаң қамыс нарларда ұйықтады. Тіпті, балалардың киімін күзетшілер ұрлап та алды.

Қоғамнан толық шеттелген тұтқын әйелдер екі жыл бойы балалары мен туысқандарына хат жазып хабарласуына рұқсат берілмеді. Екі жылдан кейін балаларын іздеу жөнінде арыз беріп, посылка салуға рұқсат етті. Арыз беру үшін кезекке тұрған аналардың жағдайын айтып жеткізу мүмкін емес. Тұтқындалған кезде өзімен бірге ала келген киімдерінен балаларына сыйлықтарын даярлауда қаншама көз жасы төгілді десеңші, осы арқылы балаларына өздерінің тірі екенін білдіргісі келді. «Біздер посылканың көрсетілген жерлерге жіберілетініне сендік. Бірақ үш ай өткен соң посылканың жіберілмегені белгілі болды, бұл лагер басшыларының әйелдер арасындағы қиын жағдайды бәсеңдету үшін жасаған айларының бірі болатын, бірақ біртіндеп балаларының тұрған жері жайлы хабарлар келе бастады», - деп жазады лагердің бұрынғы тұтқыны М.Анцис [5]. Алғашында әйелдерге жылына 2 рет, кейінірек 4 рет хат жазуға рұқсат берді. 1940 жылы 1 наурызда ГУЛАК жүйесіндегі 90 жас нәрестелер үйінде 4595 бала тәрбиеленді [6, 19 б]. Жала жабу, тың-тыңдап жеткізу, өтірік айту, күштеу, қорқыту сияқты шаралар өмірдің заңына айналып кеткен ортада балалар тек құлдық психологияда тәрбиеленді. Лагерден босап шыққан аналардың көпшілігі балаларын таба алмады. Балаларын бір жерде емес, әр жерге бөліп жіберді немесе балалар үйлерінде кейбірінің аты немесе фамилиялары өзгеріп кеткен. Мысалы, Шымкент облыстық партия комитетінің бөлім басшысы Мұқаметәлі Бағзыбавты «халық жауы» деп ұстағаннан кейін, оның әйелі Сұлуханды үш баласынан айырып, 5 жылға Карлагқа әкелді. Үш баласы «өкімет пен партияның» қарауына алынып, Ресейдегі Орск қаласында Сорочинск балалар лагерінде тәрбиеленді. Қызы Маяның әкесі Михаил болып, Мая Михайловна атанады. Ал, ұлы Сұлтанбек пен Зояны басқа балалар үйіне бөліп жіберген. Сұлтанбек 1942 жылы балалар үйінен қашып шығып, Қызылорда қаласында ұсталады. 1943 жылы «өз еркімен» шраф баталлионына алынады, содан кейін хабарсыз кетті. Зоя балалар үйінен ауырулы болып еліне қайтады. Мая Долинкаға барып, шешесін тауып алып, сол жерде мектепті бітіреді. Сұлухан 1946 жылы Шымкентке қайтады. Мая Михайловна Москва мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген соң, аспирантурада қалды. Кандидаттық

одан кейін докторлық диссертацияны қорғап, кәзір ҚазҰУ-де сабақ береді [11].

Алжирдегі әйелдерді Карлакқа ауыстыра бастады, 1939 жылы 5 мың әйел көшірілді. Тұтқын әйелдер арасында ауыру мен қайғыдан, азапты жұмыстан мүгедектер мен өлім көп болды. Боран мен аяздан үсіп өлгендер де аз болған жоқ. 1942-1945 жылдарда 540 әйел өлген [5].

Лагерлерде әйелдер мен еркектердің арасында байланыс болдырмас үшін көптеген шаралар қолданылды. Әйелдер мен ерлерге арналған бөлек-бөлек фермалар мен орындар құрылды. Карлак басқармасының бұйрығы бойынша әйелдерді бөлек ұстау үшін лагерлерде 60 ферма мен орындар белгіленді. Бірге тұрғаны үшін «шизоға» отырғызды. Бірақ одан нәтиже шықпады. 1940-41 жылдары лагерлерде 1048 бала туды [10]. «НКВД балалары» деген атау 30-жылдардағы барлық сталиндік лагерлерге тән құблыс болды. Балаларды аналарынан бөлек ұстады, аналарын емізуге ғана жіберді.

Әр күндерін есептеп, жазасын өтеп шыққан соң, жаңа өмір күтіп тұрғанына лагердегі әйелдер сенді. Бірақ, босату процесі ұзаққа созылды. Оларды бірден босатып жібермеді, кезекпен немесе босаған соң лагерде ерікті жұмысшы ретінде жұмыс істетті. Босап шыққандарға шектеулі ғана еркіндік берілді. Мемлекет оларды алалады, азаматтық құқық берілмеді. Ірі қалалар мен астаналарда тұруға, тіркеуге, жұмысқа тұруға, білім алуға мүмкіндіктері болмады. Көптен күткен еркіндікті күте отырып, әйелдер соңғы үмітінен айрылды. Олар қоғам үшін бұрынғыдай «халық жауы» болып қала берді. Тек қана мемлекеттің қашан ақтайтын және қоғам алдында күнәсіз деп жариялауын күтуден басқа ештеме қалмады. Үгіт-насиқаттың нәтижесінде «халық жауларын» социалистік қоғамның идеяларын сатқан опасыздар ретінде халықтың санасына құйғандықтан, оларға жеккөрініспен қарады, аналарын ұзақ жыл көрмеген балалар аналарын танымай да қалды. 9 жыл «Алжирде» отырған Амина Табиева естелігінде: «Мен кеткенде 3 жастағы ұлым маған жақындаған да жоқ. Ол менің анасы екеніме сенбеді, алдап тұр екен деп ойлады. Мен сол кездесуді кәзір жүрегім сыздап, жылап еске аламын. Үлкен ұлым кәзір жоқ, 17 жасында «халық жауының» баласы ретінде қайтыс болған. Ал, кішкентай ұлым тек түнде маған жақындап келіп, менің мамам екенің рас па, сен мені тағы да тастап кетіп қалады деп айтты ғой, деп түні бойы кетсең бірге ала кетесің бе, деп сұраумен болды» - деп еске алады [12].

Әйелдердің ұзақ уақыт түрмеде отырып, отбасынан айрылып, денсаулығын жоғалтуы да елдің демографиялық жағдайына кері әсер етті.

Кеңес өкіметі әйелдерге ерлермен бірдей тең құқық бере отырып, әйелдерді ерлермен бірдей кудалап, қоғамнан бөлектеді. Лагерлерге халық жауларының отбасыларын жабу ең бірінші саяси сипатта болып, оның астарында экономикалық мақсат - мүдде жатты. Саяси мақсаты - Сталиннің жеке билігін нығайту барысында қоғамның оқыған, білімді әміршіл-әкімшіл жүйенің қателігі мен кемшілігін түсінетін бөлігінен құтылу болса, экономикалық мақсаты - саяси тұтқын әйелдердердің тегін еңбегін осы

жүйенің экономикасын көтеру үшін пайдалану болды. Бірақ, бұл әйелдер еркіндікте жүргенде қоғамға анағұрлым көп үлес қосатыны даусыз еді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ленин В. И. О задачах женского рабочего движения в советской республике. ПСС. Т. 39. М. Политиздат, 1977. С. 198-205.
2. Кудышев. О. Ад под Акмолой. //Индустриальная Караганда. 1997. 9 октября.
3. Земсков В.Н. Заключение в 30-е годы (демографический аспект) //Социологические исследования. 1996. N7. С. 3-14.
4. Домась. Н. «АЛЖИР»: тогда в Казахстане было страшнее, чем сейчас в Африке. //Воин Казахстана. 2000. 27 мая.
5. Шаймуханов. Д, Шаймуханова С. Женщины-узницы Карлага. //Индустриальная Караганда. 1997. 2 декабря.
6. Кукушкина А. Р. История создания и функционирования Акмолинского лагеря жен «Изменников Родины» (30-40 гг. XX века) автореф. кин. Караганда. 2001. С.15.
7. Шымырбаева Г. Мадонны «Алжира»//Казахстанская правда. 1998. 9 мая.
8. Құмарова Ш. Зағипи Тінәлина. Алғашқы қарлығаштар. Алматы. Қазақстан. 1993. 195-196 б.
9. Кузнецова Е. «Гонкерис» значит переворот. //Карагандинская панорама. 1989. 11 ноября.
10. Шаймуханов. Д, Шаймуханова С. Дети «Врагов народа» //Индустриальная Караганда. 1997. 9 декабря.
11. Тасымбеков. А. «Карлаг» тұтқыны. //Лениншіл жас. 1990. 8 наурыз.
12. А. Табиева. Над Алжиром закат догорал. //Путь к Коммунизму. 1990. 2 марта

### **«...НО ВСЕ МЫ ДУМАЕМ, ЧТО ДОЖИВЕМ ДО 1980 Г.: СТРОИТЕЛЬСТВО КОММУНИЗМА В НАШЕЙ СТРАНЕ ДОЛЖНО УКРЕПИТЬ И НАШ ДУХ И НАШЕ ТЕЛО...» XX СЪЕЗД КПСС И ПРОЦЕСС ПОЛИТИЧЕСКОЙ И СОЦИАЛЬНОЙ РЕАБИЛИТАЦИИ В КАЗАХСКОЙ ССР**

**Медеубаев Е.И.**

*кандидат исторических наук, доцент  
Актюбинский региональный государственный  
университет им. К. Жубанова, г. Актобе*

Процесс политических реабилитаций связывают непосредственно с именем Хрущева и его докладом на XX съезде КПСС, однако, этот механизм был запущен уже сразу после смерти Сталина. Уже в марте 1953 г. вышел проект указа «Об амнистии», подготовленного МВД СССР совместно Министерством юстиции и Генеральной прокуратурой СССР. К этому времени в лагерях ГУЛАГа, тюрьмах и колониях содержалось более 2,5 млн. заключенных. В высшем руководстве СССР не могли не понимать, что атмосфера «большого террора» привела к высокому уровню скрытого социального напряжения всего советского общества, а его дальнейшее раскручивание могло привести к непредсказуемым последствиям. Конечно же, свой отпечаток на этот процесс наложила развернувшаяся борьба за